



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк Қарыз алушының кірісіне қатысты қарыз коэффициентінің шекті деңгейін енгізу бойынша қаулы жобасын әзірледі

Астана қ.

2026 жылғы 20 мамыр

Ұлттық Банк 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициентінің (КБК) шекті мәнін белгілеуді жоспарлап отыр. Тиісті өзгертулер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы» Басқарма қаулысы аясында әзірленді.

КБК реттеушілік практикаға 2024 жылғы тамызда енгізіліп, қазірге дейін мониторингтік кезеңде қолданылып келеді. Көрсеткіш қарыз алушының өтелмеген барлық қарызы мен микрокредиті, оның ішінде жоспарланып отырған жаңа қарыз бойынша жиынтық берешегінің оның жылдық кірісіне қатынасын білдіреді. Аталған құрал қарыз алушының өз міндеттемелеріне уақытылы қызмет көрсету қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, КБК қарыз алушының берешек мөлшерін оның жылдық кірісінің саны арқылы көрсетеді. КБК-ның жоғары мәні борыштық жүктеменің ұлғайғанын және қарыз алушының төлем қабілетіне қатысты қауіп артқанын білдіреді. Қолданыстағы қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициенті (БЖК) сияқты, КБК да қарыз беру туралы шешім қабылданғанға дейін есептеледі.

КБК-ны қолдану банктердің жауапты кредит саясатын ынталандыруға, халықтың шамадан тыс қарызға бату тәуекелдерін төмендетуге, қаржы жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға және кредиттеудің теңгерімді құрылымын қалыптастыруға бағытталған.

Ұлттық Банк 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қарыз алушының жалпы берешегі бойынша КБК-ның шекті деңгейін жылдық 8 табыс көлемінде белгілеуді жоспарлап отыр¹. Сонымен қатар, халықты кредиттеу сегментіндегі белсенділіктің бәсеңдеу белгілерін ескере отырып, Ұлттық Банк автокредит, ипотека, кепілсіз тұтынушылық несиесі секілді жекелеген қарыз түрлері бойынша КБК көрсеткішіне мониторинг жүргізуді жалғастырады, алайда олар үшін сараланған шекті мәндер бекітілмейді.

Бөлшек кредиттеу сегментінде сын-қатер күшейген жағдайда Ұлттық банк қарыз түрлері бойынша КБК-ның сараланған шекті мәндерін бекітуге, сондай-ақ несиенің қолжетімділігі мен қаржы тұрақтылығы тәуекелдері арасындағы теңгерімді қамтамасыз ете отырып, КБК-ның жалпы деңгейін өзгертуге құқылы.

Қолданыстағы БЖК-ға қатысты оның есептеу талаптарын, сондай-ақ оның шекті мәнін қайта қарау қазіргі уақытта жоспарланбағанын атап өтеміз².

¹ КБК = (ӨҚБС + ЖБС) / ҚЖЖК

КБК - қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициенті

ӨҚБС - қарыз алушының барлық өтелмеген қарыздары мен микрокредиттері бойынша берешек сомасы

ЖБС – қарыз алушының жаңа берешек сомасы

ҚЖЖК – қарыз алушының орташа айлық кірісінің 12 (он екіге) көбейтіліп есептелетін, қарыз алушының жылдық жиынтық кірісі

² БЖК-ның қолданыстағы шекті мәні – 0,5

Ұлттық Банк макропруденциялық құралдарды қолдану кезінде теңгерімді тәсілді ұстануды жалғастырады. Аталған шараларды іске асыру халықтың шамадан тыс борыштық жүктемесінің қалыптасуына жол бермеуге және несие нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қаулы жобасының негізгі ережелері көрсетілген ақпараттық кестемен Ұлттық Банктің интернет-ресурсында танысуға болады <https://nationalbank.kz/kz/npa/obespechenie-stabilnosti-finansovoy-sistemy/project>.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz